

"Астана қонақ үйі" акционерлік қоғамын құру және "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуіріндегі № 405 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 918 Қаулысы

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамы туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы және "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталында мемлекет жүз пайыз қатысатын "Астана қонақ үйі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғамның жарлығы капиталын қалыптастыру Астана қаласы, Абай даңғылы, 47 мекенжайындағы жалпы алаңы 32 308,60 ш.м. "Рамада Плаза" қонақ үй кешені, алаңы 2,5593 га жер учаскесі, жабдық пен мүкәммал түріндегі мемлекеттік мүліктің есебінен жүзеге асырылсын.

3. Қоғам қызметінің негізгі мәні қонақ үй қызметтерін көрсету болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғылық капиталын осы қаулының 2-тармағына сәйкес қалыптастыруды;

2) Қоғамның Жарғысын бекітуді және оның Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат) мынадай енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-132-жолымен толықтырылсын:

"21-132." Астана қонақ үйі" АҚ".

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К.Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК